

Бөрлі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 30-3 " Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 маусымдағы № 26-11 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 маусымда № 5269 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөрлі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 қыркүйектегі №30-3 " Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімнің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4109 тіркелген, 2015 жылы 26 қазанда " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Аудандық мәслихат аппаратының ұйымдастыру және құқықтық жұмысы бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Л.Ж.Уржанова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

А.Имашева

Мәслихат хатшысы

А. Куликешев